



БОЛАШАҚТЫҢ БӘСЕКЕСІ

2-БЕТ



ҰЛТТЫҢ ҰЛЫҚ МІНЕЗІ

7-БЕТ



КУРЬЕРДІҢ ҚҰПИЯСЫ

9-БЕТ

НАҚТЫ СЕКТОР



ЖАҢАРҒАН ЖОЛДАР

Қала көшелері қарқынды жөнделуде

Алып шаһар – Алматының тіршілігі бір сәтке де тоқтамайды. Осы тынымсыз ырғақты ұстап тұрған – қаланың жол торабы. Таңсәріден жұмысқа шыққан жүргізушінің де, көлік күткен жолаушының да, жаяу жүргіншінің де көңіл күйі мен қауіпсіздігі аяқ басқан жолының тегістігіне байланады. «Жолдың жайын жүрген білер» дейді халық.

Қала үлкейіп, қатынайтын халық көбейген сайын жолға түсетін салмақ та арта түсері анық. Ал сапалы жол торабын салу – мегаполис өмірінің ажырамас талабы. Алматы жолдарының бүгінгі келбеті қалай өзгеріп жатыр? Қай аумақтарда қозғалыс жеңілдеп, қай көшелерде жұмыс түйінделуге жақын?

Мегаполисте жол инфрақұрылымын жақсарту қарқынды жүріп жатыр. Қазіргі таңда қаланың бірқатар аумағында жаңа асфальт төселіп, жол жабындары жөнделуде. Кейбір учаскелерде құрылыс жұ-

мыстарына байланысты көлік қозғалысына уақытша шектеулер енгізілді. Мұндай өзгерістер қала тұрғындары мен көлік жүргізушілеріне қолайсыздық туғызғанымен, уақытша шаралардың түпкі мақсаты – жол сапасын жақсартып, қаланың қозғалыс қауіпсіздігі мен жайлылығын арттыру.

Биыл Алматы қаласы бойынша жалпы ұзындығы 250 шақырымды құрайтын 340 көшені орташа жөндеу жоспарланған. Ауқымды жұмыстар толық аяқталғаннан кейін қаладағы жақсы және қана-

ғаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесін 95%-ға жеткізу көзделіп отыр. Атқарылған жұмыстың нәтижесінде 1 қыркүйекке дейін жалпы ұзындығы 32 шақырым болатын 15 магистральдық көшеде жөндеу жұмыстары толық аяқталды.

Аталған мерзімге дейін пайдалануға берілген көшелердің қатарында Зенков, Жамақаев, Жетісу, Шемякин, Мәмбетов, Рысқұлбеков, Жанқожа батыр, Ескендіров, Ақан сері, Манас, Ғабдуллин, Жандосов, Орталық және Үшкөмпіров көшелері, сондай-ақ Құлжа тасжолының жекелеген учаскелері бар. Сонымен қатар, қазір Жұбанов, Өтеген батыр көшелері мен Алтынсарин және Абай даңғылдарында жол жабынының төменгі қабаты төселіп бітті. Келесі кезеңде бұл аумақтарда жоғарғы қабат салынып, жол таңбалары жаңартылады.

(Жалғасы 5-бетте).

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



9 772223 237006 >

БОЛАШАҚТЫҢ БӘСЕКЕСІ

Үкімет маман даярлау жүйесін дамытуды қолға алды



8 қыркүйекте Премьер-министр Олжас Бекте-новтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Онда жұмысшы мамандықтары бойынша кадр даярлаудың жаңа тәсілдері талқыланды. Отырыс барысында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту, еңбек нарығының сұранысына сәйкес мамандар даярлау, цифрландыру мен жасанды интеллектті оқу үдерісіне енгізу мәселелері қаралды. Жиында Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев және Энергетика министрі Ерлан Ақкенженов баяндама жасады.

1,8 миллион жұмысшы маман

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаевтың мәліметінше, 2035 жылға дейін Қазақстан экономикасына 2,9 млн. қызметкер қажет болады. Оның 1,8 миллионы жұмысшы мамандықтарына тиесілі. Қазірдің өзінде Электрондық еңбек биржасындағы бос жұмыс орындарының жартысынан астамы жұмысшы мамандықтарға қатысты.

Ең жоғары сұраныс өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы және IT салаларында қалыптасып отыр. Осыған байланысты сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін 51-ден 174 кәсіпке дейін кеңейту жоспарлануда. Оның қатарында инженерия, құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, биотехнология, жасыл және ядролық энергетика бағыттары бар.

Министрдің айтуынша, технологиялар мен жасанды интеллект еңбек нарығына да әсер етуде. Кейбір кәсіптер жойылса, басым бөлігі трансформацияланады. Сонымен қатар, жаңа бағыттар пайда болады. Сондықтан кадр даярлау жүйесі еңбек нарығындағы өзгерістерді алдын ала ескеріп жұмыс істеуі қажет. Осыған орай кәсіптік стандарттарға цифрлық дағдыларды, жасанды интеллект құралдарын қолдануды, BI-аналитика мен киберқауіпсіздікті қамтитын компоненттер енгізу көзделген. Жыл соңына дейін 600-ден астам жұмысшы кәсіптік кәсіптік стандарттармен қамту жоспарланып отыр.

Өндіріспен байланыс артады

Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың айтуынша, бүгінде елде 763 колледжде 556 мыңнан астам студент білім алады. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін қаржыландыру соңғы үш жылда 34%-ға өсіп, 424 млрд. теңгеге жеткен. Мемлекеттік білім беру тапсырысы да 48 мың орынға ұлғайған.

Жұмысшы мамандықтары бойынша мемлекеттік тапсырыс 131 мың орынға жетіп, түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі 68%-ды құраған. Сонымен бірге, еңбек нарығында сұраныс жоқ мамандықтар мен білім беру бағдарламаларын қысқарту жұмысы жүргізілуде. Сұраныстың болмауына байланысты 32 мамандықты, оның ішінде 41 жұмысшы біліктілігін алып тастау қарастырылуда. Есесіне, 20 жаңа мамандық пайда болады. Олар бойынша 243 білім беру бағдарламасы әзірленген.

Колледж бен өндіріс арасындағы байланысты күшейтудің негізгі тетіктерінің бірі дуальды оқыту. Қазір 552 колледж 11 700 кәсіпорынмен бірлесіп осы бағытта жұмыс жүргізуде. Дуальды оқытумен қамтылған студенттер саны соңғы үш жылда 108 мыңнан 138 мыңға дейін өскен.

Сонымен қатар, колледждердің материалдық-техникалық базасын жаңарту мәселесі өзекті болып отыр. Бүгінде 143 мемлекеттік колледждің базасын жаңарту қажет. Үкіметтің қолдауымен 11 өңірде 20 мың орынға арналған 13 заманауи колледж салу жоспарланған.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің мәліметінше, биыл 73 мың кәсіпорынға жүргізілген сауалнама нәтижесінде орта мерзімді кадр қажеттілігінің 55%-ы техникалық және кәсіптік білім мамандарына тиесілі екені анықталған.

Жоғары оқу орындары мен колледждер арасындағы байланыс та кеңейіп келеді. Қазір 103 жоғары оқу орны колледж түлектері үшін 1158 синхрондалған білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 76 жоғары оқу орнының 50 мыңнан астам студенті 6 мың кәсіпорын базасында дуальды оқытудан өтуде.

Сұранысы жоғары салалар

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев жетекшілік ететін салалар бойынша 36,7 мың кадр қажет екенін айтты. Оның ішінде құрылысқа – 16,2 мың, өңдеу өнеркәсібіне – 14,4 мың маман керек. Министрдің пікірінше, мәселе тек кадр санының тапшылығында емес, мамандардың білімі мен дағдыларының жұмыс берушілер талаптарына толық сәйкес келмеуінде. Сондықтан білім беру тапсырысын кәсіпорындардың нақты сұранысына қарай қалыптастыру ұсынылды.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың мәліметінше, 2035 жылға дейін агроөнеркәсіп кешеніне шамамен 73 мың білікті жұмысшы маман қажет. Қазір аграрлық колледждерге жыл сайын шамамен 4,8 мың адам қабылданады. Салада дуальды оқыту мен кәсіпорындармен әріптестікке басымдық беріліп отыр.

Көлік саласында да жаңа мамандықтарға қажеттілік артып келеді. Көлік министрі Нұрлан Сауранбаевтың айтуынша, салаға 57 мыңға жуық маман қажет. Техникалық өзгерістерге байланысты 31 жаңа мамандық енгізу қажеттілігі анықталған. Олардың қатарында BIM цифрлық жобалаушылары, «ақылды жолдар» мамандары, цифрлық логистер, жасанды интеллектпен жұмыс істейтін диспетчерлер және пилотсыз техниканың операторлары бар.

Осылайша Үкімет отырысының қорытындысы бойынша, Премьер-министр Олжас Бектенов кадр даярлау жүйесін цифрландыру мен экономиканың қажеттіліктерін ескере отырып қайта құруды тапсырды. Мемлекеттік білім беру тапсырысын нақты жұмыс орындарының саны мен өңірлердің қажеттілігіне қарай қалыптастыру, еңбек нарығындағы өзгерістерді тұрақты болжау және жұмыс берушілердің кадр даярлау процесіне қатысуын күшейту міндеттері қойылды. Сонымен қатар, Ұлттық мамандықтар трансформациясы орталығын құру, өңірлерде салалық кластерлер қалыптастыру және 2027–2030 жылдарға арналған техникалық және кәсіптік білім берудің заманауи инфрақұрылымын дамыту бағдарламасын әзірлеу тапсырылды.

Пердехан ШӘМШИЕВ,

сарапшы.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Принтмедиа технологиялар колледжінде Қазақстан мен Қытайдың кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарының өкілдері бас қосып, цифрлық технологияларды білім беру процесіне енгізу және заманауи мамандар даярлау мәселелерін талқылады.

«Дөңгелек үстел» Принтмедиа технологиялар колледжі мен Шанхай баспа колледжі арасындағы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында өтіп, осы апта соңына дейін жалғаспақ. Іс-шараға Қытайдың Бас консулдығының өкілі арнайы құттықтау сөзін жолдап, екі ел арасындағы білім беру байланыстарын нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

Іс-шараның негізгі тақырыптары: цифрлық технологияларды, жасанды интеллектті және генеративті жасанды интеллектті (AIGC) оқу процесіне енгізу, заманауи білім беру ресурстары мен оқытудың тәжірибеге бағытталған модельдері және цифрлық экономика үшін мамандар даярлау. Сонымен қатар, педагогтер мен студенттердің цифрлық құзы-

КӘСІПТІК БІЛІМДЕГІ ЦИФРЛАНДЫРУ



реттіліктерін дамыту мәселелері талқыланды. Мақсат – білім беру бағдарламаларын заман талабына сай жаңартып,

студенттердің нақты практикалық дағдыларын дамыту.

Мемлекеттік қытай-қазақ тілі кол-

леджінің директоры Талғат Мамырұлының айтуынша, бұл – екі елдің кәсіптік-техникалық білім беру саласындағы ынтымақтастығының нақты нәтижесі.

– Қаншама жылдар бойы Принтмедиа технологиялар колледжі Шанхайдағы әріптестерімен бірлесіп, жас ұрпақты тәрбиелеуге үлкен үлесін қосып келеді. Бүгін бізге өз жала, тың тәжірибелерін таныстыру үшін арнайы келіп отыр, – деді ол.

Ерекше назар баспа және полиграфия саласына аударылды. Мұнда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектпен қатар өндірісті автоматтандыру және медиа-контент жасаудың жаңа тәсілдері енгізілуде. Осыған байланысты оқу орындары мамандар даярлау үдерісін еңбек нарығының өзгермелі талаптарына бейімдеуде.

Кездесу қорытындысында цифрландыру, ұстаздардың біліктілігін арттыру, студенттер алмасу және бірлескен жобаларды дамыту бағыттары айқындалды.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

53 МЫҢНАН АСТАМ ЖҰМЫС
ОРНЫ АШЫЛДЫ

Алматыда халықты жұмыспен қамтуға бағытталған шаралар жалғасын тауып, жыл басынан бері 53 мыңнан астам жұмыс орны құрылды. Мәселен, биылғы жылғы екінші тоқсанның қорытындысы бойынша қаладағы жұмыс күші 1 млн. 217,5 мың адамға жетіп отыр. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 43 мың адамға көп. Осы ретте Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы өкілдері ұсынған мәліметке сай бүгінгі таңда жұмыспен қамтылған халық саны 1 млн. 164 мың адамға жеткен көрінеді. Бұл көрсеткіш бір жыл бұрынғыдан 41,7 мың адамға көп. Осы ретте Алматыдағы жұмыссыздық деңгейі 4,4% болып, республикалық көрсеткіштен төмен деңгейде сақталғаны байқалады.



Сондай-ақ, жыл басынан бері Еңбек мобильділігі орталығына 54 044 адам жүгініп, олардың 43 942-сі жұмыссыз

ретінде тіркелді. Бұған қоса, 42 766 адам жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысып, 8755 алматылық тұрақты

жұмысқа орналасады. Сонымен қатар, 5613 адам субсидияланатын жұмыс орындарына жолдама алса, 4150 адам қоғамдық жұмыстарға, 614 адам «Күміс жас» жобасына, 362 адам «Алтын жас» жобасына қатысты. Тағы 305 адам әлеуметтік жұмыс орындарына орналасса, 182 адам жастар практикасына жіберілді.

Кәсіптік оқыту мен біліктілікті арттыруға да ерекше назар аударылып отыр. Биыл 538 адам кәсіптік оқудан өтті, оның 451-і жұмыс орнында білім алды. «Бастау Бизнес» жобасы аясында 1538 адам оқудан өтті. Тағы 2215 адам enbek.kz платформасы арқылы жаңа дағдыларды меңгерді. Жалпы, кәсіптік бағдар беру шараларымен 23 922 адам қамтылды. Жаңадан кәсіп бастауға ниетті азаматтарға да қолдау көрсетіліп жатыр. Оған дәлел – биыл 400 АЕК, яғни 1,73 млн. теңгеге дейінгі қайтарымсыз грант 165 адамға беріліп отыр.

Ағымдағы жылы Алматы қаласы бойынша 51 270 жұмыс орнын құру жоспарласа, олардың 45 399-ы тұрақты жұмыс орны болмақшы. Сонымен, 1 қыркүйектегі мәлімет бойынша, қалада 53 026 жұмыс орны құрылды. Олардың 47 441-і – тұрақты жұмыс орны, бұл жоспарланған көрсеткіштің 104,5%-ына тең. Сондай-ақ, тағы 8775 адам бос жұмыс орындарына орналастырылды.

Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

СЕМИНАР

АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ
МАҢЫЗЫ

Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің базасында «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы: білім беру және адами капиталды дамыту» тақырыбында қалалық семинар өтті. Жиынға қаладағы колледждердің 250-ге жуық директоры мен директордың орынбасары қатысты. Іс-шараны Алматы қаласы Білім басқармасы ұйымдастырды.

Семинардың басты мақсаты – жаңа Конституцияның негізгі ережелерін түсіндірумен қатар, оның білім беру жүйесі мен адами капиталды дамытудағы рөлін айқындау. Жиын барысында техникалық және кәсіптік білім берудің жаңа конституциялық басымдықтарды іске асырудағы орнына ерекше назар аударылды.



Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің директоры Айнұр Мұқажанова білім беру ұйымдарының міндеті тек кәсіби маман даярлаумен шектелмейтінін атап өтті. Оның айтуынша, бүгінгі студент – ертеңгі еңбек нарығының маманы ғана емес, қоғамның белсенді мүшесі. Сондықтан жастардың кәсіби білімімен қатар, құқықтық сауатты, азаматтық мәдениетін және ел алдындағы жауапкершілігін қалыптастыруға басымдық берілуі қажет.



– Конституция – мемлекеттің іргетасы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі әрі еліміздің болашағын айқындайтын негізгі құжат. Ал адами капиталды дамытуда жастардың орны ерекше. Кәсіптік-техникалық білім беру – жастардың сұранысқа ие мамандық алып, еңбек нарығында өз орнын табуына мүмкіндік беретін маңызды бағыт, – деді Айнұр Мұқажанова.



Заң ғылымының докторы, профессор Еркін Дүйсенов Конституцияны іске асырудың маңызды шарттарының бірі – оның негізгі ережелерін әр азаматқа түсінікті түрде жеткізу екенін айтты.

– Қалада білім беру саласының, оның ішінде колледж басшыларының қатысуымен семинардың өтуі Конституцияны іске асыру үдерісінің басталғанын көрсетеді. Жаңа Конституцияда бекітілген идеялар мен қағидаттарды қоғамға жеткізушілердің қатарында ең алдымен педагогтер тұр, – деді профессор. Оның айтуынша, бұл бағыттағы жұмыстың екі маңызды қыры бар. Біріншісі – азаматтарға Ата Заңның негізгі нормаларын түсіндіру болса, екіншісі – қолданыстағы заңнаманы жаңа Конституцияға сәйкестендіру.

Жаңа Конституцияның қабылдануы білім беру жүйесіне де жаңа міндеттер жүктеп отыр. Оның ішінде білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, ғылым мен инновацияны дамыту, жас ұрпақтың әлеуетін арттыру секілді бағыттар ерекше мәнге ие.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

ДОДА

«ADALDYQ CUP»

зияткерлік-командалық сайыс өтті



Алматыда мемлекеттік қызметшілер арасында «ADALDYQ CUP» зияткерлік-командалық викторинасы өтті. Іс-шара мемлекеттік қызметтегі адалдық, әдеп нормалары, мүдделер қақтығысының алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайтуға бағытталды.

Сайысқа Алматы қаласындағы алты мемлекеттік органның командасы қатысты. Әр команда үш адамнан жасақталды. Қатысушылар заңнама мен Әдеп кодексі бойынша білімдерін сынап, қызмет барысында кездесетін түрлі жағдайларды талдап, жылдам шешім қабылдау және өз ойын нақты жеткізу қабілеттерін көрсетті.

Викторина төрт кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде командалар өздерін шығармашылық форматта таныстырды. Кейін блиц-сұрақтарға жауап беріп, қызметтік жағдаяттарға заң мен әдеп нормалары тұрғысынан баға берді. Финалдық кезеңде команда капитандары сынға түсті.

Қазылар алқасының мүшесі, Алматы қаласы әкімінің коммуникациялар жөніндегі кеңесшісі, Сенаттың экс-депутаты Жанна Асанова мұндай сайыстардың мемлекеттік қызметшілер үшін тәрбиелік және тәжірибелік маңызы бар екенін атап өтті.

«Бүгінгі конкурс мемлекеттік қызметшілер үшін пайдалы әрі тәрбиелік мәні бар алаң болды. Қатысушылар мұнда білімдерін сынап қана қоймай, күнделікті қызметте кездесетін түрлі жағдайларда қалай әрекет ету керігін көрсетті. Мемлекеттік қызметте кәсіби біліммен қатар, тәрбие мен адамдық ұстаным да аса маңызды», – деді ол.

Ал Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, «Парасат» қоғамдық қорының президенті, қалалық сыбайлас жемқорлықпен күрес комиссиясының мүшесі Марат Қалимолда сайыстың өз мақсатына жеткенін айтты. Оның сөзінше, қатысушылар арасында нақты әрі сенімді жауап берген командалар болды.

Әсіресе, Әділет департаменті мен Қазынашылық департаментінің қызметкерлері жақсы дайындық көрсетіп, тапсырмаларға жігерлі әрі нақты жауап бере алған. Спикер мемлекеттік қызметшілердің қазақ тіліндегі ресми-іскерлік сөйлеу дағдыларына назар аударды.

«Мемлекеттік қызметте ресми-іскерлік стильде сауатты сөйлеу маңызды. Алматыда мемлекеттік тілдің іс қағаздары мен мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қолданыс аясын әлі де кеңейту қажет. Бұл бағытта талапты күшейтіп, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін қазақ тілінде арттыруымыз керек», – деді М.Қалимолда.

Ол бүгінде мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында қазақ тілінде білім алып жатқан жастардың үлесі жоғары екенін атап өтті.

Сайыс қорытындысында Қазынашылық департаментінің командасы 1-орынды иеленді. Әділет департаменті – 2, ал Алатау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы 3-орыннан көрінді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметтегі адалдық пен жауапкершілік қағидаттарын нығайту, құқықтық сауаттылықты арттыру, мүдделер қақтығысының алдын алу және парасаттылық мәдениетін қалыптастыру.

Орайы келгенде айта кетелік, «ADALDYQ CUP» Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының жобасы аясында «Ақпараттық-ресурстық орталық» КҚ және ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Дастан ҚАСТАЙ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҚАЛАҒА ТРИЛЛИОН ТАРТЫЛЫП ЖАТЫР



7қыркүйектен бастап салымшылардың зейнетақы жинақтарын басқару мүмкіндігі кеңейді. Енді олар жинақтарының 100%-ына дейін жеке инвестициялық портфельді басқарушыға сеніп тапсыруға болады. Яғни салымшы өзінің зейнетақы жинағын кімнің басқаруына беретінін өзі таңдай алады.



Зейнетақы жинағын өзіңіз басқарыңыз!

Бұған дейін азаматтар зейнетақы жинағының бір бөлігін ғана инвестициялық басқаруға беру мүмкіндігіне ие болған. Енді салымшы жеке зейнетақы шотындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан қаражатының көлемін өзі анықтай алады. Жаңа тәртіп бойынша салымшы жинағын бір ғана емес, бірнеше инвестициялық портфельді басқарушыға да бере алады. Сонымен қатар, өз қаржылық мақсатына қарай инвестициялық портфельдің түрін таңдауға құқылы.

Қазір басқарушылар консервативті (тәуекелі төмен), қалыпты және тәуекелді стратегия бойынша үш түрлі инвестициялық портфель ұсына алады. Яғни салымшы өз қаражатын басқару кезінде қаншалықты тәуекелге дайын екенін ескеріп, өзіне қолайлы инвестициялық стратегияны таңдай алады. Маңыздысы – зейнетақы жинағын инвестициялық портфельді басқарушыға беру міндетті талап емес. Бұл – салымшының өз еркі.

Азамат жинағының қанша бөлігін басқаруға беретінін, қай инвестициялық портфельді және қай басқарушыны таңдайтынын өзі шешеді. Ал зейнетақы жинағын басқаруға бермеген жағдайда, қаражат бұрынғы тәртіппен БЖЗҚ жүйесінде қала береді.

Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру тәртібі, инвестициялық портфельдердің ерекшеліктері және басқарушылар туралы толық ақпарат БЖЗҚ сайтында және invest.enpf.kz платформасында жарияланған. Осылайша жаңа өзгерістер азаматтарға зейнетақы жинақтарын қалыптастыруға ғана емес, оны басқару стратегиясын таңдауға да белсендірек қатысуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда жеке тұлғалардың банкроттық тетігі іске қосылды. Содан бері Алматыда 33,5 мыңнан астам азамат соттан тыс банкроттыққа өтініш берген.

Оның ішінде 7,4 мыңнан астам адам банкрот деп танылса, тағы 2 мыңға жуық азамат осы рәсімнен өтіп жатыр. Мемлекеттік кірістер департаменті банкроттықтың бәріне бірдей сәйкес келе бермейтінін де еске салды. Тұрақты табысы барларға заң банкрот мәртебесін алмай-ақ төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Алматыдағы мемлекеттік кірістер департаментінің дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасының басшысы Аят Сейдағазиев Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мен банкроттық тетігін іске асырудың қорытындысы туралы баяндап берді.

Айта кетерлігі, «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң 2023 жылғы 3 наурыздан бастап қолданысқа енгізілген. Ол күрделі жағдайға тап болған азаматтарға арналған соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық пен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру тәрізді үш тетікті қарастырады.

Спикер атап өткендей, заңның негізгі мақсаты – қарызды жәй ғана есептен шығару емес, борышкердің де, кредитордың да мүддесін ескеріп, азаматқа қаржылық міндеттемесін заңды түрде реттеп алуға мүмкіндік беру.

«Банкроттық – қарыздан құтылудың жалғыз әрі ең қолайлы жолы бола алмайды. Егер азаматтың тұрақты табысы мен міндеттемесін біртіндеп орындайтындай мүмкіндігі болса, ол төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін пайдаланып, банкрот мәртебесін алмауына да болады. Сондықтан ең алдымен өзінің қаржылық жағдайын дұрыстап бағалап алып, содан кейін ғана тиісті рәсімді таңдағаны дұрыс», – деп түсіндірді Аят Сейдағазиев.

Соттан тыс банкроттық – ең көп жасалатын рәсім. Ол банкрот, микроқаржы ұйымы мен коллекторлық агенттіктің алдындағы қарызға қатысты қолданылады. Бұл ретте қарыз мөлшері 1600 АЕКтен, яғни 6 млн. 920,2 мың теңгеден аспауы тиіс. Жалпы жағдайда қарыз кемінде 12 ай бойы өтелмеген болуы керек, азаматтың мүлкі, оның ішінде ортақ бірлескен меншіктегі мүлкі болмауы қажет.

Қазақстандағы инвестиция тарту бойынша ең тартымды өңірлердің бірі – Алматы қаласы. Бұған шаһардың жоғары кадрлық әлеуеті, дамыған инфрақұрылымы, кең тұтыну нарығы және бизнес жүргізуге қолайлы жағдай ықпал етіп отыр.

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы өкілдерінің мәліметінше, 2026 жылдың қаңтар-маусым айларында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі артты. Инвесторлар ең көп қызығушылық танытып отырған салалар қатарында жылжымайтын мүлік, логистика, цифрлық экономика және энергетика бар.

Жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша тартылған тікелей шетелдік инвестиция көлемі 2,1 млрд. АҚШ долларына жетті. ҚР Ұлттық банкінің деректеріне сәйкес, бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 32,1% төмендеген. Соған қарамастан Алматы инвестициялық белсенділіктің жоғары деңгейін сақтап, еліміздегі капитал тартудың негізгі орталықтарының бірі болып қала береді.

Айта кетейік, биыл қалада жалпы құны 542,8 млрд. теңге болатын 35 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Жаңа жобалар жаңа жұмыс орындарын ашуға, өндірістік инфрақұрылымды дамытуға және мегаполис экономикасын одан әрі әртараптандыруға ықпал етеді.

Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы өкілдерінің мәліметінше, инвестициялық бастамаларды іске асыру мегаполистің елдегі ең ірі іскерлік және экономикалық орталығы ретіндегі позициясын одан әрі нығайтып, өңірлік және халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

БАНКРОТТЫҚ қарыздан құтқара ма?

Сондай-ақ, алдыңғы банкроттық рәсімінен кейін кемінде жеті жыл өтуі тиіс.

Жекелеген санаттағы азаматтар үшін жеңілдіктер қарастырылған. Мәселен, соңғы алты ай ішінде атаулы әлеуметтік көмек алған азаматтарға қарыз бойынша 12 ай бойы төлем жасалмаған болуы туралы талап қойылмайды. Ал егер қарыз бес жылдан астам уақыт бойы өтелмесе, берешек сомасына қатысты шектеу мен мүліктің болмауы туралы талап қолданылмайды.

2023 жылғы 3 наурыздан 2026 жылғы 26 тамызға дейін Алматыда соттан тыс банкроттық рәсіміне 33 556 өтініш түскен. Оның 31 мыңнан астамы қаралған. Нәтижесінде 7407 азамат банкрот деп танылды, тағы 1952 адамға қатысты рәсім жалғасып жатыр. Сонымен қатар, 23 044 өтініш бойынша бас тартылған.

«Бас тартудың ең жиі кездесетін себептерінің бірі – заңда белгіленген талаптарға сәйкес келмеу. Мысалы, кейбір қарыз шарттары бойынша берешектің өтелмеген мерзімі әлі 12 айға жетпеген немесе өтініш берушінің мүлкі бар. Сондықтан өтініш бермес бұрын азаматтың таңдалған рәсімнің барлық талаптарына сәйкес келетінін тексеру маңызды», – деді спикер.

Тағы 677 рәсім қызмет көрсетуші тарапынан немесе өтініш берушілердің өздері арқылы тоқтатылған. 26 тамыздағы жағдай бойынша 476 өтініш бойынша тексеру жүргізіліп жатыр. Егер азамат соттан тыс банкроттық талаптарына сәйкес келмесе, бірақ қаржылық міндеттемесін орындауға объективті мүмкіндігі болмаса, ол сот арқылы банкроттық рәсіміне жүгіне алады. Бұл жағдайда істі сот қарап, қаржы басқарушысы тағайындалады, борышкердің мүлкі мен қаржылық жағдайына талдау жүргізіледі.

Бетті әзірлеген Дана САДЫРҚАН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.





ЖАҢАРҒАН ЖОЛДАР

Қала көшелері қарқынды жөнделуде

(Басы 1-бетте)

Бұдан бөлек, аудандық маңызы бар 71 көше жаңартылды. Тағы 152 көшеде жөндеу жұмыстары жалғасуда. Жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстары тек асфальт төсеумен шектелмейді. Жоба аясында жол жабыны жүріс бөлігінің бүкіл ені бойынша толық жаңартылып, бүлінген жаяу жүргіншілер жолы мен арықтар да ретке келтірілуде.

Жолды қайта жаңарту шаралары қаланың барлық ауданын қамтып отыр. Жоспарға сәйкес, биыл Алатау ауданында – 99, Медеу ауданында – 78, Жетісу ауданында – 44, Бостандық ауданында – 39, Түркісіб ауданында – 21, Наурызбай ауданында – 19, Әуезов ауданында – 17 және Алмалы ауданында бір көшені орташа жөндеу көзделген. 1 қыркүйектегі мәлімет бойынша бекітілген жалпы жұмыстардың орындалу деңгейі 70%-ға жетті. Бұл жобалардың барлығын 31 қазанға дейін толық аяқтау жоспарланып отыр.

Әрине, жол жөндеу кезеңінде тұрғындардың күнделікті қозғалысына уақытша өзгерістердің енгізілуі заңды құбылыс. Кейбір көшелерде көлік бағыттары өзгертіліп, кей учаскелерде қозғалыс шектеледі. Бұл күнделікті көлікпен қатынайтын қала тұрғындары үшін қосымша уақыт шығыны мен қолайсыздық тудыратыны жасырын емес. Осы орайда Алмалы ауданының тұрғыны Ержан Смайлов ойын бөлісті.

«Күнделікті жүретін бағытымызды өзгертіп, басқа көшелермен айналып жүруге тура келеді, кептеліс көбейіп, қозғалыс та едәуір баяулады. Қаланың инфрақұрылымы жаңарып, жолдың жағдайы жақсаратынын ескерсек, мұндай уақытша жайттарға түсіністікпен қарау керек деп есептеймін. Ең бастысы, асфальттың сапасы жоғары болып, жаяу жүргіншілер жолы мен арық жүйелері ретке келтірілсе, жасалған жұмыс қала тұрғындарына ұзақ жыл жайлы әрі қауіпсіз қызмет етер еді», – деді ол.

Кейбір аумақтарды инфрақұрылыммен қамту да қатар жүргізіліп жатыр. Қазіргі уақытта «Ақжар», «Боралдай» және «Рахат-Мәдениет» шағынаудандарында жалпы ұзындығы 96 шақырым болатын жаңа жолдардың құрылысы белсенді жүрде. Бүгінгі таңда бұл бағыттағы жұмыстардың 80%-дан астамы аяқталған.

Алматының 2026–2030 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес жолдардың сапасы жыл сайын арта түседі. Бұған қоса, қаланың оңтүстік және батыс бөліктерінде жалпы ұзындығы 100 шақырымнан асатын көше-жол желісін кеңейту жұмыстары кезең-кезеңімен іске асырылады. Мұның барлығы түптеп келгенде, қала тұрғындары мен қонақтарының



қауіпсіз, жайлы әрі кедергісіз қозғалуына толық жағдай жасамақ.

Биыл Әуезов ауданында жалпы ұзындығы 17,93 шақырым болатын 17 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Ауқымды жоба аясында Алтынсарин даңғылы (3 км), Сәдуақасов

(1,817 км), Өтеген батыр (1,7 км), Шалыпин (1,3 км), Яссауи (1,3 км), Саяна Шаймерденова (1,010 км), Әнет баба (1,017 км) және Абай даңғылы (1 км) сынды басты магистральдар қамтылды. Бұдан бөлек, Тоқпанов (0,965 км), Кіші Саин (0,850 км), Жексенбаев (0,807

км), Қуанышбаев (0,727 км), Жұбанов (0,6 км), Әділов (0,6 км), Пятницкий (0,465 км), Жазылбеков (0,442 км) және Мырзабеков (0,330 км) көшелері де жаңартылуда.

Жолдарды жөндеу қарқыны мен қазіргі жағдайы жайлы Әуезов ауданы әкімі аппаратының Инженерлік және жол инфрақұрылымы бөлімінің бас маманы Азамат Тұрысбаев толығырақ баяндады:



«Жоспарланған 17 көшенің 10-ында жөндеу жұмыстары толық аяқталды. Ал қалған 7 көшені осы айдың соңына дейін түпкілікті бітіруді көздеп отырмыз. Қазіргі таңда Саяна Шаймерденова көшесінде жаяу жүргінші жолын аяқтау мен жолақтарды сызу, ал Алтынсарин даңғылында тек жолақтарды сызу жұмыстары қалды. Әділов пен Яссауи көшелерінде анықталған ескертулерді жою және жолақтарды сызу жұмыстары жүріп жатыр. Сондай-ақ, Жұбанов мен Өтеген батыр көшелерінде және Абай даңғылында асфальтбетон жабынының екінші қабатын төсеу мен жолақтарды сызу жұмыстары бар».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ




Абылайхан СОПЫБЕК,
Ауған соғысының ардагері:

Қаламыздың жаңарғанына қуаныштымыз

Алматыда соңғы жылдары жол құрылысына, көлік қозғалысын реттеуге көп көңіл бөлініп келе жатқанын көріп жүрміз. Мәселен, бұрын Саин көшесінен Рысқұлов даңғылына қарай өтетін жол бірнеше жыл бойы ашылмай тұрған еді. Биыл көктемде жолдың ашылғаны қала тұрғындары үшін үлкен жеңілдік болды. Енді бұл бағытпен қала сыртына шығуға да, қала ішінде жүруге де мүмкіндік көбейді. Кептелістің азайғаны байқалады.

Қазір Төле би мен Рысқұлов көшелеріндегі жолдардың ұзаруы бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Бұл жобалар да тезірек аяқталса, халыққа үлкен қолайлы жағдай жасалар еді.

Алматының жолдары жаңарып, жаңа жолайрықтар мен көшелер салынып жатыр. Еңбекті жоққа шығаруға болмайды. Күн салқындағанша әлі талай жұмыс атқарылады. Мұның барлығы ең алдымен тұрғындардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасау ғой. Қаланың осылай дамып, жаңарып келе жатқанына қуаныштымыз.



Гүлназ ЖАНАЙДАРҚЫЗЫ,
дәрігер:

Нәтижені көргенде риза боласың...

«Ақкент» ықшамуданында тұрамын. Биыл жазда біздің ауданның кіреберісінен бастап, барлық жол жаңартылды. Үй іргесіне асфальт төселіп, ойқашойқы, жаңбыр жауса көл

болатын жолдардың бәрін теп-тегіс етіп жасап қойды. Бұрын көлікпен жүргенде шұңқырлардан қашып, әбігерге түсетін едік. Ал қазір әлдеқайда ыңғайлы болып қалды. Асфальт төсеп, жаяу жүргіншілер жолы мен арықтарды да ретке келтірді. Жөндеу кезінде уақытша қолайсыздық болғанымен, сапалы нәтижені көргенде риза боласың. Ауданымыздың осылай көркейіп жатқаны тұрғындар үшін өте үлкен қуаныш. Өзім дәрігермін, жұмыстан кеш қайтамын. Кешкі салқынмен түні бойы тынбай еткен жұмысшыларға алғыс айтқым келеді.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ТУРИЗМ

АЛМАТЫ МАЛАЙЗИЯ ТӨРІНДЕ

Куала-Лумпур қаласында өткен МАТТА Fair 2026 халықаралық туристік көрмесіне Алматы да қатысты. Үш күнге созылған іс-шарада қала табиғаты, тау туризмі, мәдени нысандары, гастрономиясы мен туристік инфрақұрылымы шетелдік аудиторияға ұсынылды.

МАТТА Fair – Малайзиядағы ең ірі туристік жәрмеңкелердің бірі. Биыл 59-шы рет ұйымдастырылды. Malaysia International Trade and Exhibition Centre алаңында өткен іс-шараға 285 компания қатысып, 2026-дан астам стенд орналастырды. Үш күнде көрмеге шамамен, 200 мың адам жиналды. Соның ішінде Visit Almaty павильоны

10 мыңнан астам тіркелген қонақты қабылдап, келушілерге Алматы мен Алматы облысының туристік мүмкіндіктерін таныстырды. Мұнда туристік агенттіктер, ұлттық ұйымдар, әуе компаниялары, қонақүйлер мен курорттар өз ұсыныстарын таныстырып, келушілер демалыс бағытын таңдап, сапарын жоспарлап, тікелей байланыс орната алды.

Көрмеде Алматы өзін қалай таныстырды? Қала Visit Almaty арнайы стенді арқылы ұсынылды. Келушілер қаладағы туристік бағыттар, тау мен табиғат аясындағы демалыс орындары, мәдени нысандар, ұлттық және заманауи гастрономия, сондай-ақ инфрақұрылым туралы ақпарат алды. Алматының басты ерекшелігі – мегаполис пен таудың жақын орналасуы. Бір жағында заманауи қала

инфрақұрылымы болса, екінші жағында табиғи ландшафттар мен тау маршруттары бар. Осы үйлесім қаланы әртүрлі қызығушылыққа ие туристер үшін тартымды етеді: табиғат сүйер қауым да, мәдениет пен қалалық демалысты ұнататындар да өз жолын табады. Ұлттық мәдениетке қызығушылар қазақ халқының дәстүрі, тағамдары мен мәдени мұрасымен де таныса алады. Көрме аясында «Алматы туризм күндері» арнайы іс-шарасы ұйымдастырылып, қала әлеуеті, мәдениеті мен гастрономиясы кеңірек таныстырылды. Сонымен қатар, іс-шара халықаралық индустрия өкілдерімен іскерлік байланыс орнатуға және жаңа серіктестік бағыттарды талқылауға мүмкіндік берді.

Неліктен Малайзия? Бұл қаланың перспективалы нарықтарының бірі сана-

лады. 2025 жылы Малайзиядан Алматыға 9416 турист келген. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 23%-ға көп. Оның ішінде 5242 адам іскерлік және кәсіби мақсатпен келген. Бұл көрсеткіш қызығушылықтың бар екенін дәлелдейді. Бірақ қатысуды тек туристер санын арттыру деп қана қарау аздық етеді. Мұндай көрмелер қаланың шетелдегі танымалдығын қалыптастыруға да әсер етеді. Себебі, қазіргі саяхатшы үшін көрікті жер ғана жеткіліксіз. Қолжетімді көлік, сапалы қонақүй, тамақтану орындары, қауіпсіз маршруттар мен ақпараттық қызметтер де маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, халықаралық көрмелер Алматының туристік өнімін кешенді түрде таныстыруға ықпал етеді.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

«КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ»

САУДА ДА ЖАСАЙСЫЗ, КІТАП ТА АЛАСЫЗ!



Алмалы ауданындағы «Асыл» сауда орталығында кітап беру пункті ашылды. Жоба Мемлекет басшысының «Кітап оқитын ұлт» бастамасы аясында Алматы қаласы әкімінің тапсырмасымен жүзеге асырылып отыр.

Кітап беру пункті шағын болса да, атқарар қызметі үлкен. Негізгі мақсаты – қала тұрғындарының кітапқа қолжетімділігін арттыру, кітап оқу мәдениетін дамыту, сол құндылықты қоғамда кеңінен насихаттау.

Тың жобаның ашылу салтанатына қала тұрғындарымен бірге белгілі қаламгерлер және мәдениет саласының өкілдері қатысты.

Пунктің қоғамдық кеңістікте, яғни адам көп жүретін сауда орталығынан

ашылғаны құптарлық. Сөресінде «мені оқыңыздар» дегендей мұқабасы жарқырап тұрған талай кітап, көркем туындылар алматылықтардың мәдени және білім беру ресурсына қолжетімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам. Қазір мұнда 2500-ге жуық кітап бар.

– Мұндай кеңістіктер кітапхана қызметінің дәстүрлі аясынан шығып, тұрғындардың күнделікті өмірінің бір бөлшегіне айналуына мүмкіндік берері сөзсіз. Бүгіндей қарбалас тіршілікте кітапханаға арнайы барып жүруге бәрінің мүмкіндігі бола бермейтіні анық. Енді осы сауда орталығында жұмыс істейтін кітапқұмар жандар болсын немесе сауда жасауға келіп, біреуді күтуіне тура келетін адам болсын, бұл – бос уақытты тиімді өткізуге жақсы мүмкіндік, – дейді Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі директорының міндетін атқарушы Ләззат Спатаева.

Ал қаламгер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Сәуле Досжан бүгін ақын-жазушылар үшін де қуанышты күн екенін атап өтті.

«Біз оқырмандарға бұрынғыдан да жақындай түстік. Осындай шағын кітапхананың сауда орталығынан ашылғанының өзі тамаша идея. Мұнда ата-анасымен балалар да жүреді. Кітапты көреді, оқиды, сезінеді. Жалпы, біздің ел әлем рейтингінде сауатты мемлекеттер санатында. Себебі, бізде жоғары білімді, екі-үштен дипломы бар жастар көп. Халық неғұрлым білімді болған сайын сана да биіктеп, жақсылыққа, жақсы ойларға ұм-



тылатын болады. Оқыған адам өмірдің тек жақсы жағын көреді деп түсінемін өз басым. Бүгінгі кітап беру пункті де кітапқұмар жастардың көбеюіне алтын көпір болатынына сенемін», – деді Сәуле Досжан.

Белгілі қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Баян Болатханова да бүгінгі күннің руханият парағына жазылған ерекше сәт екенін атап өтті.

«Мен үшін де бүгін рухани күн болды. Кітап деген – біздің салауатты өмір салтына деген бетбұрысымыз. Кітапты жақсы көретін, бірақ уақыты аз жандар үшін бұл кітапхананың оларға «өзі келуі» деп білемін. Оқырманымыз хәм білімді, саналы

ұрпағымыз көп болсын!», – деді ізгі лебізін жеткізген Баян Болатханқызы.

Айта кетейік, бұған дейін дәл осындай кітап беру пункті алғаш рет Жетісу ауданының «Адем» сауда орталығында ашылған болатын. Бүгінде сәтті жұмыс істеп тұр.

Жалпы, Алматыда 39 кітапхана жұмыс істейді. Оның 30-ы – қала кітапханасы, 7-еуі тәулік бойы қызмет көрсетеді. Сонымен қатар, шаһарда адам көп жиналатын орындарда өзіне-өзі қызмет көрсететін 32 дербес кітапхана орналасқан.

Нұржамал ӘЛІШ.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЙҰЛЫ.

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫҚ МІНЕЗІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақтың амандасу әдебіне қатысты пікірі қоғамда үлкен талқыға түсті. Мемлекет басшысы ер адамдардың бір-бірін құшақтап, сүйіп амандасуын, сондай-ақ ер мен әйелдің де беттен сүйіп сәлемдесуін дұрыс емес деп бағалады.

«Ер адамдардың бір-бірін құшақтап, сүйіп амандасуы, сәлемдесу барысында әйелдердің еркектерді, еркектердің әйелдерді бетінен сүйуі дұрыс емес. Біздің салт-дәстүрімізде мұндай ешқашан болмаған», – деді Президент. Мемлекет басшысы, әсіресе, әскери адамдар мен генералдардың бұлай амандасуына ерекше назар аударды. Оның пікірінше, форма киген ер-азаматтардың мұндай сәлемдесуі орынсыз көрінеді. Сондықтан ер адамдар, соның ішінде генералдар да бір-бірімен қолды нық қысып амандасқаны жөн екенін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл сөзін ақын, жазушы Ербол Бейілхан да қолдады. Ақынның пайымдауынша, бұрынғы қазақтың қарым-қатынас мәдениетіне ұстамдылық тән болған. «Баяғы қазақ айлап, жылдап көрмеген адам болмаса, бір-бірімен сүйісіп амандаспаған», – дейді ол.

Ербол Бейілханның айтуынша, бұрын ер адамдар «Армысыз!», «Ассалаумағалейкум!» деп оң қолын кеудесіне қойса, әйелдер «Амансыз ба?», «Есенсіз бе?» деп иіліп сәлем берген. Оның пікірінше, бұрынғы қазақ сезімі мен мейірімін де ашық қимылдан гөрі ұстамдылықпен білдірген.

– Ертедегі қазақ дәл біздей емірен-бейтін. Іштей жақсы көріп, сырттай өте ұстамды болатын. Мысал ретінде өзімді айтайын: мен бір үйдің үлкен немересімін, атам мен апамның кенжесі болдым. Әкем мықты адам еді, бірақ ерте дүние салды. Ата-апамның маған деген махаббатын, елжіреп тұратындарын іштей сезетінмін. Бірақ атам мені аймалап, бірде-бір рет сүйген



емес. Тек кейде басымнан сипап, арқамнан қағатын. Апам да анда-санда басымнан сипап, шашымнан иіскейтін. Соның өзінен-ақ олардың маған деген махаббатын анық сезінетінмін. Бұл – үлкен мектеп, үлкен тәрбие. Қазақтың бұрынғы тәрбиесінде сезім де, махаббат та болған. Бірақ ол махаббат жария түрде емес, ішкі сезіммен, ұстамдылықпен көрсетілген, – деді ақын.

Мұнымен қоса, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың дүниетанымы мен ұлттық мінезге қатысты да маңызды мәлімдеме жасап, мұң мен күйзеліске тым көп мән беретін қазақстандықтарды сынға алды. Мемлекет басшысының айтуынша, жастар өткеннің ауыртпалығына байланып қалмай, болашаққа сеніммен қарауы керек.

«Біздің кейбір қаламгерлеріміз «мұң» деген сөзді жақсы көреді: «жүрегімде мұң, көзімде мұң»! Мұң-қайғы

жастық шаққа, жастарға жараспайды», – деді Президент.

Қ.Тоқаев жастардың оптимист болып, қиындықты еңсеруге болатынына сенуі маңызды екенін атап өтті. Оның сөзінше, Қазақстан өз күшіне сенетін, жігерлі ұлтқа айналуы керек, ал мұң, қайғы мен күйзеліс жастардың басты сипаты болмауға тиіс.

Президент бұл ойын кейін ұлттық тарих тақырыбымен де сабақтастырды. Ол ұлттық болмыс пен тарихи жадын жаңғырту, тарихи деректерді дәл танып, бұлтартпас айғақтар негізінде бағалау және өткен күнге салқын санамен зер салу мәселелерін де көтерді. Мемлекет басшысы өткен қасіретті ұмытпау керектігін, бірақ оны «ұлттық болмысымыздың арқауына» айналдыруға болмайтынын жеткізді. Сондай-ақ, әлем халықтарының тарихымен қатар Қазақстан тарихына да үстірт әрі біржақты қарауға болмайтынын баса айтты. Президенттің пікірінше, тарих өкпе-

ренішке емес, ұлт мүддесін көздеген шынайы көзқарасқа негізделіп жазылуы керек. Бұл, ең алдымен, өскелең ұрпақ үшін маңызды.

«Тарих өкпе-ренішпен емес, ұлт мүддесін көздеген шынайы көзқараспен жазылуға тиіс. Бұл – ең алдымен өскелең ұрпақ үшін қажет дүние», – деді Президент.

Президенттің бұл бастамасы – өткеннің қасіретін фактологиялық негізде, логикалық қисында бағалауға шақырған үндеу, зілді, тұманды мұңға батудан арылып, ұлттық болмыс пен ұстамды тәрбиені қайта жаңғыртуға жасалған маңызды қадам деп хабарланып жатыр. Сарапшылар да қуатты ұлттың қалыптасуына салмақты сөз де, ұстамды мінез-құлық та, салқын сана да ықпал етеді деп мәлімдеп отыр.

Дастан ҚАСТАЙ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Қасым-Жомарт Тоқаев Республикалық Тамыз конференциясының пленарлық отырысында жастардың дүниетанымы мен тәрбиесіне қатысты ой қозғады. Мемлекет басшысы өскелең ұрпақты өткеннің ауыртпалығына байланып қалмай, тарихтан сабақ алып, болашаққа сеніммен қарауға үндеді.

«Біз жанбасақ лапылдап...»

Президент жастар арасында мұң мен күйзелісті алға шығаратын көзқарас қалыптаспауы керек екенін айтты. Оның сөзінше, жас ұрпақ кез келген қиындықты еңсеруге болатынына сеніп, өз күшіне арқа сүйеуі қажет.

«Мұң-қайғы жастық шаққа, жастарға жараспайды. Жастарымыз өз халқының тарихын дұрыс түсіне отырып, болашаққа үмітпен және сеніммен қарауға тиіс. Еліміздің жастары оптимист болып, еңсере алмайтын қиындық жоқ екенін білуі қажет. Біз өз күш-қуатымызға сенетін, мықты ұлтқа айналуымыз керек. Мұң, қайғы, күйзеліс – жастарымызға жат нәрсе болуға тиіс», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің пайымынша, өзіне сенімсіздік танытып, үнемі күйзеліске берілетін адамның алға қойған мақсатына жетуі қиын.

Қ.Тоқаев қазақ қоғамының өткенге деген көзқарасына да тоқталды. Мемлекет басшысы тарихтағы қиын кезеңдерді жоққа шығармай, одан сабақ алу қажет екенін айтып, өткендегі сәтсіздіктер үшін өзге халықтар мен мемлекеттерді кінәлау дұрыс емес екенін жеткізді.

«Қазақ кез келген сын-қатерді еңсеруге дайын жұрт, келешегіне сеніммен қарап, алға қарай батыл қадам басатын нағыз жеңімпаз ұлт. Өткенге өкпе артып, тарихтағы сәтсіздіктер үшін басқа халықтар мен мемлекеттерді айыптау – болмысымызға мүлдем жат дүние. Біз өскелең ұрпақты осындай кеселден, теріс түсініктен сақтауымыз керек», – деді Президент.

Осы ұстанымды жүзеге асыруда білім беру саласының міндеті де айқындалмақ. Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаздар жастарға тек білім беріп қана қоймай, олардың бойына жігер, жақсыға ұмтылыс пен елдің болашағына деген сенім қалыптастыруы керек екенін атап өтті. Президент жастардың арасынан отаншылдықты, білімге құштарлықты, жаңашылдықты және еңбекқорлықты көріп отырғанын айтты.

Президент көтерген мәселенің тағы бір қыры – тарихи сананы сақтай отырып, қоғамның рухын көтеретін жаңа идеялар қалыптастыру. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Жанарбек Берістеннің пікірінше, өткенді ұмытуға болмайды, алайда оны үнемі мұңмен байланыстыра беру де дұрыс емес.

«Бұл сөз, бір жағынан, дұрыс айтылған деп ойлаймын. Бірақ тарихты бәрібір өшіре алмайсың. Тарихымыз керек. Өткені жоқ халықтың болашағы жоқ» демекші, оны ешкім ұмыта алмайды. Қазір халықтың рухын көтеру үшін жаңа идеялар, жаңа бастамалар керек», – деді профессор.

Сарапшының айтуынша, мұндай идеяларды қоғамға жеткізіп, жастарды қолдайтын, олардың жігерін арттыратын азаматтардың рөлі маңызды. Президенттің бастамаларын нақты іспен жалғастыру да осыған байланысты.

Ал жастарды алға жетелейтін негізгі күштің бірі – еңбек. Мемлекет басшысы нағыз отаншылдықты елге пайдалы іспен байланыстырып, әр саладағы еңбектің маңызын да атап өтті.

Президенттің бұл сөзі жастар тәрбиесін тек өткенді дәріптеумен шектемей, олардың болашаққа деген көзқарасын қалыптастыру қажеттігін көрсетеді. Тарихты білу, одан сабақ алу, бірақ сонымен бірге жаңа бастамаларға ұмтылу – Мемлекет басшысы атап көрсеткен негізгі ұстанымдардың бірі.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ЦИФРЛЫ АЛМАТЫ

ДӘРІНІ РОБОТ ДАЙЫНДАЙДЫ

Алматы онкологиялық орталығында робот-атандырылған дәріхана кешені және дәрілік препараттарды жабық герметикалық сұйылту жүйесі енгізілді.

Жаңа технология дәрі-дәрмектерді қабылдап алып, сақтаудан бастап оларды сұйылтуға және науқастарға беруге дейінгі негізгі кезеңдерді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Жүйенің ерекшелігі – әр препараттың сандық бақылануы. Дәрілер жеке цифрлық сәйкестендіру кодын алады және онымен жасалған әрбір әрекет жүйеде бекітіледі. Осылайша мамандар препараттың бүкіл жолын – дәріхана кешеніне түсуден бастап науқасқа берілгенге дейінгі аралықты бақылай алады. Онкологиялық қызмет үшін бұл өте маңызды. Себебі, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің дәлдігі мен қауіпсіздігі емдеу сапасына тікелей байланысты.

СӘТТІ ОТА



Алматы дәрігерлері жаңа туған нәрестедегі салмағы екі келі болатын ісікті сәтті сылып тастады. Бөбекке Алау деп ат қойды. Ол жарық дүниеге келген алғашқы сәттен бастап-ақ өмір үшін күресті. Салмағы төрт келіден асатын қыз бала сегізкөз-құйымшақ тұсындағы үлкен түзіліспен (тератомамен) дүниеге келген болатын. Туа біткен мұндай түзіліс қатерлі ісік болып саналмаса да, өмірінің алғашқы алты айында қатерлі ісікке айналуы әбден мүмкін. Сондықтан мұндай белгісі бар сәбиге отаны уақыт оздырмай жасау қажет.

Алау енді ауырмасын

Бала туғаннан кейін бірнеше сағат ішінде неонаталдық реаниматологтар мен хирургтерден құралған топ перзентханаға барып, нәрестені Алматы қаласының Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығына жеткізді. Қыз бала жаңа туған нәрестелер реанимациясы бөліміне жатқызылып, күрделі отаға дайындық басталды. Келесі күні дәрігерлер ісікті алып тастады.

«Сегізкөз-құйымшақ аймағында орналасқан тератоманың құрамында сүйек, жұмсақ тіндер және кистозды қуыс секілді түрлі тін бар. Бұл тәжірибеміздегі ең күрделі отаның бірі болды. Ісіктің салмағы екі келі болды, яғни нәрестенің өз салмағымен бірдей деуге болады. Қыздың туған кездегі салмағы төрт келі еді, демек оның тең жартысын ісік құраған. Ота сәтті өтті. Ісікті алып тастағаннан кейін бірден пластика жасадық. Тігіс орны білінбейтіндей етіп қалпына келтірілді. Болашақта бұл нәрестеге ешқандай қолайсыздық тудырмайды. Қазір баланың жағдайы жақсы, ол үйіне шыққалы жатыр», – деді Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығы бөлімшесінің меңгерушісі Саматбек Мырзахмет.

Екі сағаттан астам уақытқа созылған отаны жасаған дәрігерлер – хирург Саматбек Мырзахмет, ассистент Бегалы Төребек, анестезиолог-реаниматолог Ұлықпан Әлсеитов. Нәрестенің емдеуші дәрігерлері – Айжан Сексенбаева мен Едгор Сайдакбаров.

Тератома нәрестенің ана құрсағындағы кезінде қалыптасқан. Ол жүктіліктің 20-аптасында жүргізілген скрининг кезінде анықталған. Ата-анасы жүктілікті сақтап қалу үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Бірнеше рет дәрігерлер кеңесіне қатысып, Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының хирургтерінен кеңес алды. Дәрігерлер жүктілік бойы ана мен баланың денсаулығын мұқият бақылап отырды. Жүктіліктің 34-аптасында қыз бала кесарь тілігі арқылы дүниеге келді.

«Бұл төрт ұлдан кейін көптен күткен қызымыз. Қатты уайымдадым. Бізге үлкен қуаныш сыйлаған аурухана дәрігерлеріне алғысым шексіз», – дейді Алаудың анасы Аяжан.

Сегізкөз-құйымшақ тератомасы – жаңа туған нәрестелерде жиі кездесетін түзілістердің бірі. Ол ана құрсағында қалыптасып, нәрестемен бірге өсуі мүмкін. Кей жағдайда ауыр асқынуға әкеліп, өмірлік маңызды ағзалардың қызметін бұзады. Бұл жолы ісік өте үлкен көлемге дейін өскен. Жыл басынан бері Алматы қаласы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының жаңа туған нәрестелер бөліміне 96 бала жеткізілген. Олардың 72-сіне хирургиялық ем қажет болған.

Туа біткен ақаудың пайда болуына тұқымқуалаушылық, инфекция және басқа да ішкі-сыртқы факторлар әсер етуі мүмкін.

Бүгінде Алматы онкологиялық орталығында 38 мыңнан астам науқас есепте тұр. Ал жыл сайын 27 мыңнан астам адам көмек алады. Кейінгі сегіз жылда емдеу бойынша қызмет көрсету көлемі 2,5 есе өсті. Сонымен бірге, бес жылдық өмір сүру деңгейі 46%-дан 75%-ға дейін ұлғайды.

«Енді бұл нәтижелерге тағы бір технологиялық қадам қосылды: роботтандырылған жүйе адам факторының әсерін азайтуға және дәрілік заттардың қозғалысының ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді. Іс жүзінде орталықта дәрі-дәрмектің цифрлық бағыты құрылуда, онда бірде-бір кезең бақылаусыз қалмайды», – деп атап өтті Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Пашимов.

Алматы онкологиялық орталығына енгізілген бұл роботтандырылған кешен – технология үшін емес, пациенттің қауіпсіздігін, емдеу сапасы мен медициналық жүйенің жауапкершілігін арттыру құралы.



ҰЛТ САУЛЫҒЫ

Қанша сағат ұйықтау керек?

Ұйқысы қанық оқушы сабаққа зейін қоюға, жаңа ақпаратты қабылдауға, оқу жүктемесін жеңіл еңсеруге және күні бойы белсенді болуға бейім келеді. Осылай деген Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері атаналарға баланың ұйқысын қадағалау керектігін айтты.

«6–12 жастағы оқушы тәулігіне 9–12 сағат, ал 13–18 жастағы жасөспірімдер 8–10 сағат ұйықтауы қажет. Толыққанды демалыс баланың зейінін шоғырландыруына, сабақ үстінде айтылған ақпаратты тез меңгеруіне және күні бойы шаршамауына көмектеседі», – делінген хабарламада.

Әсіресе, бірінші сыныпқа барған баланың қалыптасқан күн тәртібі айтарлықтай өзгеретіні рас. Сондықтан күн тәртібін сақтау маңызды. Баланы күн сайын шамамен, бір уақытта ұйықатып, бір уақытта оятуға тырысқан жөн. Мүмкіндігінше демалыс күндері де осы тәртіпті сақтаған дұрыс.

Ұйқы алдында гаджетті пайдалануды шектеу қажет. Кешкі уақытта смартфон, планшет және компьютерді пайда-

лануды азайтып, сондай-ақ тым белсенді ойындар мен эмоциялық тұрғыдан әсерлі контенттен бас тартқан жөн.

Ұйқы алдында серуендеу, жылы душ қабылдау, кітап оқу немесе тыныш әңгімелесу балаға күндізгі белсенділіктен демалысқа ауысуға көмектеседі.

Бөлмені үнемі желдетіп, қолайлы температура-ны сақтап, жайлы ұйықтайтын орын ұйымдастырған жөн.

Баланың дұрыс ұйқысы – келер күннің нәтижелі болуының кепілі. Ал нәтижелі күндер – жарқын болашаққа апарар даңғыл жол.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Магнит ішекті ойып түскен

Қаладағы №2 балалар клиникалық ауруханасында үш магнит жұтып қойған 5 жастағы балаға жасалған операция сәтімен аяқталды.

Магниттер ұзақ уақыт бойы асқазан-ішек жолында болған. Күшті магниттік тартылыс әсерінен асқазанда орналасқан бір магнит пен аш ішектегі екеуі бір-біріне іште жатып та тартылған.

Операция барысында хирургтер өте сирек кездесетін асқынуды анықтады – асқазан мен аш ішек арасында патологиялық байланыс (магниттік жыланкөз) қалыптасқан. Ұзақ уақыт бойы болған қысым тіндердің зақымдануына және ойылуына әкелген.

Ота жасаған хирург, №2 БҚКА директорының орынбасары Марат Қаптағаеттың айтуынша, операция бастапқыда лапароскопиялық әдіспен бас-талған. Алайда, зақымданудың сипаты анықтал-

ғаннан кейін баланың қауіпсіздігі үшін хирургтер ашық операция жасауға шешім қабылдаған.

«Жыланкөз жойылып, үш магнит те ағзадан алынды. Зақымданған тіндер кесіліп, тігіліп қалпына келтірілді. Құрсақ қуысына санация жасалып, дренаж қойылды. Жүргізілген емнен кейін баланың жағдайы жақсарды. Ауруханадан шығарылған кезде оның жалпы жағдайы қанағаттанарлық болды, операциядан кейінгі жараларда қабыну белгілері байқалмады», – деді хирург.

Марат Рабандияров бұл клиникалық жағдай балалар үшін шағын магнитті ойыншықтардың қаншалықты қауіпті екенін тағы бір мәрте көрсеткенін атап өтті.

Жалпы, Балалар шұғыл медициналық көмек орталығына жыл басынан бері магнитті шариктерді жұтып қойған 15 бала түскен. Мұндай жағдайдың әрқайсысы шұғыл медициналық көмекті қажет етеді. Себебі, магниттер ағзаның ішінде де жай жатпай бір-біріне тартылып, ішек қабырғасын зақымдауы мүмкін.

Тек 1 тамыздың өзінде бір кезекшілік кезінде үш бала ауруханаға жатқызылған. Дәрігерлер екі жастағы сәбидің асқазан-ішек жолынан 25 магнит, ал екі жарым жастағы бүлдіршіннен 9 магнит алып шыққан. Үшінші науқас төрт жасқа толмаған. Ол 59 магнит жұтып қойған. Магниттер баланың жіңішке ішегін тесіп кеткендіктен, оған күрделі ота жасауға тура келген.

Дәрігерлер осы орайда ата-аналарды магнитті шариктерді және осыған ұқсас басқа да ойыншықтарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтауды, сондай-ақ балдырғанның қандай заттармен ойнайтынын мұқият қадағалап отыруды ескертеді.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ

2020 жылғы пандемия мен карантин қазіргі қоғам келбетіне үлкен өзгеріс алып келді. Адамдар күн ұзақ офисте отырмай-ақ, үйде жүріп онлайн жұмыс істеудің, онлайн білім алудың тиімділігін түсінді. Сонымен қатар, елімізде, оның ішінде Алматы қаласында жеткізу қызметі жоғары қарқынмен дамыды.

КУРЬЕРДІҢ ҚҰПИЯСЫ

Бүгінде қала көшелерінде әрі-бері термосөмке арқалап, адамдарға тапсырысын жеткізіп жүрген курьерлерді көру – үйреншікті көрініске айналған. Тұрғындардың бір бөлігі базарда азық-түлік арқаламай, бәрін телефон арқылы тапсырыс беріп, жеткізу қызметі арқылы алғанды дұрыс көреді. Тағы бірі қалдырып кеткен не қажет болған заттарды курьер арқылы жылдам алдырады.

Тағам ғана емес... Жеткізуші болып жұмыс істейтін адамдардың көлігі де, сөмкедегі заттары да әртүрлі. Бірі жаяу жүріп, зат тасыса, қалғандары велосипед, электрсамокат, мопед, тіпті көлік тізгіндеп өзіне тапсырылған дүниені жеткізіп жүр. Ал термосөмкеде тамақтан бастап түрлі техникаға дейін болады. Бұл бағытта арнайы зерттеу жүргізген inDrive компаниясы курьерлердің көбіне не жеткізетінін анықтады. Компания мәліметінше, Қазақстанда осы сервис арқылы жеткізілетін әрбір 10-шы тапсырыс – гүл шоқтары мен шоколадқа малынған құлпынай екен. 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығында орындалған 5 мыңға жуық тапсырысты зерттей келе, пайдаланушылар осы сыйлықтарды ең жиі жіберетіні анықталған.

– Зерттеу нәтижелері қазақстандықтар курьерлік жеткізуді күнделікті сатып алуға ғана емес, сонымен бірге құттықтау, тосын сый мен кішігірім ілтипат білдіруге белсенді пайдаланатынын көрсетті. «Та-

ғамдар мен сусындар» санатында шоколадқа малынған құлпынай ерекше сұранысқа ие. Күнделікті азық-түлік тапсырыстарынан айырмашылығы, оны көбіне сыйлық ретінде жібереді. Бүгінде гүл сататын орындар мен кондитерлік дүкендер үшін курьерлік жеткізу маңызды жұмыс бөлігіне айналған, – деді сервистің Қазақстандағы бизнесті дамыту жөніндегі аға менеджері Әли Сағидулаев.

Курьерлік жұмыстағы еркін график пен жылдам төлем – бұл салаға әртүрлі жастағы адамдардың келуіне жол ашып отыр. Осы орайда біз жеткізу қызметімен тұрақты түрде айналысып, оны кәсібіне айналдырған алматылықтармен тілдесіп көрдік. Қала көшелерін жатқа білетін курьерлерден ең қызықты жеткізген тапсырыстары туралы сұрадық. Әрі жұмыстың қиындығы мен пайдасы туралы білдік.



Алмас ДАУЫТҚАН, жеткізуші:

Телефон өшсе де, жұмыс тоқтамайды

Курьер болып жұмыс істеп жатқаным 3 жылға жуықтады. Алғашқыда қосымша табыс көзі ретінде бастасам, осы уақыт ішінде талай нәрсе жеткіздім деуге болады. Негізінен, бұл – киім, құжаттар және тіс дәрігерлеріне арналған материалдарды тасыған кездер де болған. Дегенмен, бірнеше оқиға есімде мәңгі қалды. Бір жолы құжат алуға барып, 20 минут күттім. Жөнелтуші құжат ішіндегі есебін аяқтай алмай жатыр екен. Сонымен, ол мені үйіне кіргізіп, екеуіміз әңгімелесіп, қарбыз жедік. Тағы бірнеше рет, мен затты беріп жатқанда пәтерден мысықтардың қашып кеткен кездері болған. Адамдардың өтінішімен оларды ұстап, иелеріне 3-4 рет қайтарып бергенім бар.

Жұмыстағы басты қиындықтар – кептеліс пен ауа райы. Қатты жаңбыр, аяз немесе аптап ыстықта телефон жұмыс істемей қалады. Телефон өшсе, не тапсырыстың мекенжайын картадан қарай алмайсың, не тапсырысты тоқтата алмайсың – сонымен оны бір жерден қуаттап, қайта қосуға мәжбүр боласың. Одан бөлек, адамдардың мекенжайды дұрыс белгілемейуі де жұмысты кейде қиындатады. Мысалы, «38 А» мекенжайының орнына «38» не «38 Б» деп жібереді. Бірақ бұл үйлердің арасы бір шақырымнан көп болуы мүмкін. Ал кей тұрғындар тапсырыстың салмағын әдейі азайтып көрсетеді не мүлдем жазбайды. Жеңіл әрі кішкентай зат деп көрсетілген тапсырыс 30–40 келі болатын қорап болып шығады. Мұндай жағдайда тапсырыстардан мекенжайға барған соң, бас тартуға тура келеді.



Дияс ЧОКИН, курьер:

Жәндіктерді де жеткіздім



2024 жылдың қыркүйегінен бері курьер болып жұмыс істеймін. Бұл салаға көршімнің кеңесімен келдім. Ол адамдар баға мен мекенжайды өздері қоятынын, ал клиент келіскен жағдайда жеткізу құнын аздап көтеруге болатынын көрсетті. Содан бері тұрақты жеткізумен айналысамын. Таңғы сағат 9-дағы бірінші тапсырыстан кешкі сағат 21.00-ге дейін тапсырыстар легі тоқтамайды. Біреуі аяқталысымен, бірден келесіге жөнелеміз. Екі жылда қиын жағдайлар болмапты. Барлық клиенттер еш қиындықсыз беріп, қабылдайды, төлем де әрқашан толығымен төленеді. Ал өзім жеткізген ерекше тапсырыстардың қатарында марғау бар. Жөнелтуші қорапқа әдейі көптеген тесіктер жасап, менен аса мұқият болуды сұрады.

Тағы бір жолы үйдің кілтін әкеліп, ішінде қалып қойған адамға есікті ашып бергенім бар. Тағы бірде ерекше жануарға арналған жем – мұқият оралған жәндіктерді тасыдым. Жөнелтуші бәрін түсіндіріп, мұның үй жануарына арналғанын айтты. Жалпы, жұмыста аса қатты қиындық жоқ. Тек тапсырыс алушы телефонын алмаған жағдайлар ғана уақыт алады.



Мейрам, 51 жастағы жеткізуші:

Қаланы курьер боп жүріп таныдым

Алматыда 1993 жылдан бері тұрамын, бірақ қаланы курьер болып жұмыс істеген 3 жылда шынайы таныдым. Қанша жыл жүрсем де, Алматының мұндай әдемі екенін білмеппін. Негізгі мамандығым – геолог, болашақ ғимараттардың астындағы топырақты зерттеп, жерге баға беру бойынша тапсырыстарды аламын. Бірақ олар аптасына 1-2 рет түседі, қалған уақытта боспын.

Досым маған курьердің жұмысын көрсетті, содан қызығып кірісіп кеттім. Өйткені, күн сайын үйде отыра алмаймын.

Әрине, әрі-бері жүріп шаршайсың. Бірақ оған да уақыт өте үйреніп қаласың. Жұмысыңа жауапты қарау керек. Сондықтан өзіммен бірге үлкен, орташа және кішкентай қалта алып жүремін және тапсырысты мүмкіндігінше жылдам жеткізуге тырысамын. Басты қиындықтар – жол мен кептеліс. Қазір көп жері қазылып жатыр. Жұмыс жинақылық пен жылдамдықты талап етеді. Менің ойымша, курьер ғана емес, әр адам үшін ең бастысы – денсаулық. Таңертең жаттығу жасап, күнді жақсы көңіл күймен бастау керек. Әртүрлі жағдайлар болады, бірақ оларға тым көп мән бермеген жөн. Қысымға төтеп бере білу маңызды.



Айтжан ШАКИРОВ, курьер:

Балдақпен жүріп зат жеткіздім

Курьер болып жұмыс істеп жатқаным бірнеше жыл болды. Қызық оқиғаларға келсек, бірде аяғымды сындырып алдым. Ақша керек болды. Сөйтіп, балдақпен жүріп жеткізу қызметімен айналыстым. Кезекті тапсырысты әкеліп бергенімде оны алып жатқан адам таңқалып, неліктен балдақпен жұмыс істеп жүргенімді сұрады. Мен ақша керек екенін айттым. Сөйтіп, ол маған 10 мың теңге көлемінде шайпұл берді. Қиын кезде көмек берген сол адамға алғысым шексіз.

Жұмыста қиындықтар кездеседі: Алматыда кептеліс көп, қазір жолдар да жөнделіп жатыр. Бірақ оны жеңіл қабылдау керек. Өз жұмысымды қуана істеймін. Тапсырысты апарып берген соң, қиындықты да, кептелісті де бірден ұмытып кетемін.

Досбол АТАЖАН.

ІЗЕТ



«Ойбуй, мен ән салмайын деп отыр ғой деймісің? «Көкпарлатқым-ақ» келеді. Әттең, қарттық деген жарықтықтың қай жағымнан келіп қалғанын білмей қалғаным...», – дегені бар. «Тұлғаны тұлға таниды» демекші, «Адамзаттың Айтматовы» атанған қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов Ағайшаның әнін Алматыға келген сайын арнайы тыңдаған екен.

Халқын әнімен сусындатқан Ағайша Шермұхамбетқызы тек сахнада ән салған жоқ, мыңдаған шәкіртті тәрбиеледі. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор, композитор, ұстаз, ҚР Білім беру ісінің үздігі атанып, орындаушы ретінде кеңінен танылды.

Талант иесі Ағайша Исағұлова 1945 жылы 3 ақпанда Талдықорған облысы, Бассі-Нұрым ауылында дүниеге кел-

«Айгүлдің» Ағайшасы еді...

Қазақ өнерінде Ағайша Исағұлованың есімі ерекше аталады. Көпшілік Ағайша апамызды «Майра Уәлиқызының сарқыты, соңында қалған ізбасары» деп те атайды. Әрине, бұл тума таланттың өнеріне берілген жоғары баға. Өйткені, қазақта сырнайға қосылып ән салатын қыздар саусақпен санарлықтай. Тіпті жоққа тән. Сол қыздардың бірі де, бірегейі де осы Ағайша Исағұлова болатын. Бір кездері салмағы әжептәуір сырнайын қозыша өңгеріп алып, жиын-тойдың сәнін келтіріп жүретін Ағайшаны жиі көретінбіз. Кейінгі жылдары ел көзінен сәл алыстау жүргенін денсаулығы мен «бағынбайтын жылдармен» байланыстыратын.

ген. 1963 жылы ол Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының (қазіргі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті) Музыка және вокал факультетіне оқуға түсіп, оны 1967 жылы аяқтайды. Ол кезде қыздарды әртістің оқуына жібере бермесе де, ата-анасы оның бойындағы талантты таныған болар, бетінен қақпай, арманына араша болмаса керек.

Алматыға табаны тиген Ағайша 1967 жылдан бастап аталмыш оқу орнында ұстаздық қызметке кірісіп, еңбегінің арқасында сол оқу ордасының профессоры деңгейіне көтерілді.

Әсіресе, Ағайшаның 1968 жылы «Айгүл» вокалды-аспаптық ансамблінің құрылуына мұрындық болғаны тарих бетінде қалды.

Сол жылдары «Айгүл» деген біз боламыз, «Айгүл» атты қыз боламыз» деген әнді шырқаған да осы Ағайша Исағұлова еді. «Айгүл» ансамблі алғашқы құрылған кезден бастап ұлттық музыка мәдениетін кең аудиторияға танытып, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты атанды. «Айгүлдің» әні арқылы Венгрия, Польша, Чехия, Болгария, Германия, Литва, Украина, Белоруссия, Югославия, Түркия, Тәжікстан, Өзбекстан және Ресей қазақ халқының мәдениетін таныды.

Ағайша Исағұлова 80-ге жуық әннің авторы. Сонымен

қатар, оның орындауындағы 300-ге жуық музыкалық шығарма, Қазақ радиосы мен телевидениенің «Алтын қорында» сақтаулы. Ол жетекшілік еткен кафедрада музыка пәндері мен ғылыми-әдістемелік материалдар, оқу құралдары кең қолданысқа ие болды. Бір ғана оқу орнында емес, жалпы музыкалық білім беру жүйесінде де оның еңбегі кеңінен қолданылып жүр.

Бүгінде Ағайша Исағұлованың шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүр. Олардың қатарында Ұлжан Айнақұлова, Гүлмира Ақұрпекова, Тамара Асар, Гүлнұр Өмірбаева, Сандұғаш Стамғазиева, Алтын Маханбетова, тағы басқа өнер иелері бар.

Ағайша Исағұлова мәдени сабақтастық, жас буын тәрбиесі және ұлттық өнердің бүгінгі жағдайы туралы жиі пікір білдіріп, өнер мен білімді бөліп қарауға болмайтынын, бұл екеуі ұлттық сананы қалыптастыратын негізгі тіректер екенін айтып отыратын. Жақында ұлттық мәдениетті дамытуға өлшеусіз үлес қосқан жанға қайырымды азаматтар пәтер сыялады. Бұл оның еңбегіне, ұлттық мәдениеттің дамуына көрсетілген құрмет еді.

Дегенмен, сұм ажал Ағайшадай өнер иесін алып тынды. Өнер әлеміне әлі талай-талай «Айгүл» келер. Бірақ біз білетін Ағайша Исағұлованың келмесі анық...

Рая ЕСКЕНДІР.

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»

Әскерге әлеует керек

Жас қазақстандықтар ҰҚК Шекара академиясы мен еліміздегі басқа да әскери жоғары оқу орындарында ғана емес, Ресей, Түркияда да әскери білім ала алады.



Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы мен Алматы облысындағы ҰҚК Шекара қызметі департаментінің тәрбие, идеология және кадр жұмысы басқармасы бастығының орынбасары Асхат Айсағалиев хабарлады.

Офицерлерді даярлау сапалы әскери білім беруден басталады. Алматыдағы ҚР-ның ҰҚК Шекара

академиясы осы бағыттағы басты оқу орнының бірі. Мұнда шекара бөлімшелері мен шекаралық бақылау бөлімшелерін басқару, тәрбие мен әлеуметтік процесті басқару, арнаулы мақсаттағы бөлімшелерді қолдану, сондай-ақ жедел қызмет бағыты бойынша маман даярланады.

«Шекарашы офицер шекараны күзетіп қана қоймай, ұлттық қауіпсіздік пен ел тыныштығын қамтамасыз ететін алғышепте қызмет етеді. Сондықтан болашақ офицерді даярлауға талап күшті. Академияда курсанттар шекараны қорғаудың теориясы мен тәжірибесін меңгереді, дене және моральдық-психологиялық дайындықтан өтіп, тәртіпке бейімделеді», – дейді Асхат Айсағалиев.

Қазақстан жастары Ресей ФҚҚ жағалау күзеті институты, Калининград шекара институты, Әскери-медициналық академия, Стамбулдағы Әскери-теңіз академиясында «Кемелерді басқару» мамандығы бойынша, Анкарадағы «Гүлхане» медициналық университетінде «Жалпы медицина» мамандығы бойынша да білім алады. Бірақ әскери мамандықты таңдауға деген ниеттің өзі жеткіліксіз дейді спикер.

«Біз кандидаттың білімін ғана емес, оның денсаулығын, дене дайындығын, моральдық-психологиялық қасиетін, тәртібі мен әскери қызметке деген ынтасын да бағалаймыз. Қорытынды кезеңде арнаулы комиссия кәсіби жарамдылығын, құқықтық негіздер мен саясаттану бойынша білімін, жазбаша сауаттылығы мен ой қорыта білу қабілетін, соның ішінде эссе жаза алуын да тексереді. Біздің міндетіміз – жәй ғана оқуға қабілетті адамды емес, офицер болуға дайын кандидатты таңдау», – деді Асхат Айсағалиев.

Нұржамал ӘЛІШ.



ТҰСАУКЕСЕР

«Бүркітші» фильмі жарыққа шықты



Алматыда қазақстандық режиссер Қуаныш Стахановтың «Бүркітші» фильмінің тұсаукесері өтті. Бұл – елімізде алғаш рет dark-триллер жанрында түсірілген алғашқы туынды.

Картинада қоғамдағы әлеуметтік және адамгершілік мәселелер қозғалады. Қылмыстық істі тергеу төңірегінде өрбитін оқиғада ауылдағы бүркітші мен полиция қызметкері бірқатар жұмбақ жайттың мән-жайын анықтауға кіріседі.

Режиссер Қуаныш Стахановтың айтуынша, фильмнің дәл осы жанрда түсірілуіне отандық кино нарығында детектив бағытындағы туындылардың аздығы себеп болған.

«Бізде триллерлік оқиғалар желісінде түсірілетін туындылар өте аз. Сондықтан көрерменге мұндай жанр қызық болады деп ойлаймын. Бұл оқиғада астарлы ой

өте көп. Ең алдымен, әлеуметтік мәселелер көтеріледі. Әйелдерге жасалатын зорлық-зомбылық тақырыбы бар. Мұндағы жәбірленуші – жоғары сынып оқушысы, яғни кәмелетке толмаған қыз», – деді режиссер.

Фильмнің атауы да негізгі оқиғамен тікелей байланысты. Негізгі кейіпкерлердің бірі – ауылда тұратын бүркітші. Сонымен қатар, оқиға «Бүркітші» деп аталатын ауылда өрбиді. Басты рөлдерді Берік Айтжанов пен Зарина Кармен сомдады.

Түсірілім Алматы облысының Жалаңаш және Кеген өңірлерінде, сондай-ақ Ақтасты ауылының маңында өткен.

Эпизодтардағы бүркітшілік өнерін көрсету үшін кәсіби бүркітші кеңесші ретінде тартылған. Ел чемпионаттарында жеңіске жетіп жүрген тәжірибелі құсбегінің екі бүркіті пайдаланылған.

Фильмге дайындық екі айға созылып, негізгі түсірілім жұмыстары бір айға жуық жүргізілген. Сценарийдің бастапқы және соңғы нұсқалары арасында да өзгерістер болған. Режиссердің сөзінше, дайындық барысында оқиға желісі шамамен, 30 пайызға толықтырылған.

Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» ұлттық киностудиясы» базасында Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілді.

Туынды 10 қыркүйектен бастап еліміздің кинотеатрларында көрерменге жол тартады.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Ә

ӨТТИҢ, ДҮНИЕ...



Қазақ телевизиясының ардагері Мұхамед Мезгілбаев 91 жасында өмірден өтті. Ол – отандық телевизияның қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан білікті журналист.

Шевченко қаласындағы телестудияның алғашқы хабары эфирге шыққан күн де тарихта қалды. Оған қала басшылығының өкілдері, атақты құрылысшылар, Социалистік Еңбек Ерлері Е.Болдырев пен А.Достовалов, инженер-полковник Дарбанян, мұнайшылар және басқа да еңбек адамдары – барлығы он адам қатысты. Бір сағатқа жуық созылған сол алғашқы хабарды Мұхамед Мезгілбаевтың өзі қазақша-орысша жүргізді. Ең қызығы – хабар алдын ала жазылмай, тікелей эфирде өтті.

Бүгінгі заманауи телестудиялардың техникалық мүмкіндігін есептеп, тікелей эфирге шығудың өзін сан мәрте ойланатын кезеңде, ол уақытта тікелей эфирге шығу амалсыздан туған қадам болатын. Өйткені, хабарды жазып алып, кейін эфирге беруге мүмкіндік жоқтың қасы еді. Бірақ сол кездегі техникалық тапшылық Мезгілбаевтың жігерін жасыта алмады. Керісінше, тікелей эфир кейін телестудия жұмысының өзіндік дәстүріне айналды.

Көп ұзамай 7 қараша мерекесіне арналған хабар үш сағат, ал жаңажылдық мерекелік бағ-

дарлама бес сағат бойы тікелей эфирден көрсетілді. Қарапайым хабарлардың өзі көрерменге тікелей эфир арқылы жол тартатын болды. Бұл – сол кездегі телестудия қызметкерлері үшін үлкен мектеп еді. Әр сөзге жауап беру, әр қимылды дәл үйлестіру, күтпеген жағдайдан сүрінбей шығу – журналистің ғана емес, бүкіл шығармашылық топтың шеберлігін шыңдады.

Ал телестудияның өзін қалыптастырудың машақаты бір бөлек еді. Мұхамед Дүйсенбайұлы қажетті мамандар мен керек-жарақтарды аяқтай жүріп, тірнектеп жинады. Ол кезде бүгінгідей дайын инфрақұрылым, заманауи техника, қалыптасқан шығармашылық ұжым жоқ. Барлығы дерлік жаңадан жасалуы керек болатын. Осы жолда ол сол кездегі «Маңғышлақмұнай» бірлестігі, Каспий жанындағы тау-кен комбинаты, Маңғышлақ энергозауыты, Каспий жанындағы құрылыс басқармасы секілді тікелей Одаққа қарайтын ірі мекемелердің басшыларымен келісіп, қоян-қолтық жұмыс істеді. Телестудияның аяғынан тік тұрып кетуі үшін бар мүмкіндікті пайдаланды.

Маман мәселесіне де ерекше көңіл бөлді. Алматыдағы ҚазМУ-дың Журналистика факультетінен арнайы журналистерді алдырып, жас мамандардың кейбірін өзі баулыды, оқытты, эфирдің қыр-сырын үйретті. Осылайша Маңғыстауда тележурналистиканың алғашқы мектебін қалыптастырды.

Маңғыстауға отыз бес жасында келді. Ал қырыққа толар шағында өзінің сүйікті қаласы Алматыға қайта оралды. Бірақ бұл бес жыл оның өміріндегі ең маңызды кезеңдердің біріне айналды.

«Шевченко қаласында өткізген бес жылым

– өмірімнің ең қиын да қуанышты, әрі кемел шағы болды», – деп еске алған екен кейін Мұхамед Мезгілбаев.

Бұл сөздің астарында тұтас бір дәуірдің шындығы жатыр. Өйткені, ол Маңғыстауға дайын дүниені көруге емес, жаңаны жасауға келді. Телеарна ашып қана қойған жоқ, оның іргетасын қалады. Мамандар тәрбиеледі. Өлкенің тыныс-тіршілігін экран арқылы елге жеткізудің жолын қалыптастырды. Сол арқылы Маңғыстаудың өндірісі мен еңбек адамын, жаңа қаланың тынысын республика көрерменіне танытты.

Бүгінде телеэкраннан түрлі бағдарламаларды көріп отырып, сол алғашқы жылдардағы тележурналистердің еңбегін ойлай бермейміз. Ал қазіргі техниканың жетістігіне бастау болған сол қарапайым студияларда талай азаматтың маңдай тері бар еді. Мұхамед Мезгілбаевтың еңбегі де – сондай елеулі іздердің бірі.

Маңғыстауға 35 жасында келіп, қамал бұзар қырықта Алматыға оралған Мұхамед Мезгілбаевтың бес жылдық ғұмыры Шевченко қаласының тарихында ғана емес, Маңғыстау тележурналистикасының тарихында да өшпес із қалдырды.

Ол – Маңғыстау телевизиясының алғашқы қарлығаштарын қанаттандырған, экран мәдениетінің негізін қалаған аға буынның өкілі.

Адам өмірден өтеді. Бірақ оның жасаған ісі ел жадында қалады. Маңғыстаулықтар да Телеарна ағасын ешқашан ұмытпайды.

Бақұл болыңыз,
Телеарна аға!
Төріңіз – бейіш,
рухыңыз – кеніш болсын!

Ә

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Еңбек қауіпсіздігін сақтайық

Егер адам жұмыс орнында жарақат алып қалса, оның қорғалып, сақтандыру төлемін алуға құқығы бар. Бірақ жарақаттанды екен деп, ақшалай төлем өздігінен автоматты түрде тағайындалмайды. Оқиға дер кезінде хабарланып, оқыс жағдай алдымен дұрыс тергеп-тексерілуі керек.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің өкілдері осылай деп мәлімдеді.

Департамент басшысының орынбасары міндетін атқарушы Талғат Үмбетияровтың айтуынша, жұмыс беруші қызметкерлерін іс үстінде болатын оқыс жағдайдан міндетті түрде сақтандыруы тиіс.

«Жұмыскер өзінің қандай жағдайда сақтандырылғанын біліп, оқыс оқиғаны тергеп-тексеруге қатысуға, өзі келіспейтін шешімге шағымдануға құқылы. Егер дау туындаса, ол сақтандыру ұйымына, мемлекеттік органға немесе сотқа жүгіне алады. Адам өз проблемасымен оқшауланып, ешкімге керексіз болып қалмауы керек», – дейді Талғат Үмбетияров.

Алайда, жұмыс орнында жарақат алу сақтандыру төлемінің міндетті түрде тағайындалатынына кепілдік бермейді. Аталған департамент бөлімінің басшысы Әнуар Төлеуғали түсіндіргендей, алдымен ол оқиғаның қалай болғанын және оның адамның еңбек міндетін орындауымен байланысты-байланысты еместігін анықтап алу қажет.

«Оқиғаның себептері мен мән-жайы қаншалықты толық әрі объективті анықталса, жұмыскердің құқығын одан әрі қорғау да соған байланысты болады. Сондықтан өндірістегі осындай оқиғаларды жасыруға немесе оларды формалды түрде рәсімдеуге болмайды», – дейді спикер.

Ол сондай-ақ, сақтандыру полисі жұмыс беруші үшін жәй ғана формальды талап болмауы керектігін назар аударды. Сақтандыру оқыс жағдай болған кезде қажет. Алайда, кәсіпорынның басты міндеті – жазатайым оқиғаның болмауына барынша жағдай жасау.

«Еңбекті қорғауға жұмсалатын қаржыны артық шығын ретінде емес, адамдардың өмірі мен денсаулығына салынған инвестиция ретінде қабылдау қажет. Бүкіл жүйенің басты мақсаты – оқиғадан кейін өтемақы төлеу емес, оқыс оқиғаның алдын алу», – деді Әнуар Төлеуғали.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен медиация институтын дәріптеу және дауларды шешуге бағытталған жоба іске асып жатыр. Осы жоба аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде құқықтық және медиативтік консультациялар беру мақсатында **8 705 984 1559** жедел желі нөмірі жұмыс істеп жатқанын хабарлаймыз. Жұмыс режимі: сенбі, жексенбі және ресми демалыс күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін.

Жобаны ұйымдастырушы: «Social project management» орталығы» қоғамдық қоры.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Қалалық патологоанатомиялық бюро» КМК директоры лауазымына конкурс өткізу туралы

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Қалалық патологоанатомиялық бюро» КМК Байқау кеңесі директор лауазымына конкурс жариялайды.

Конкурсты өткізу мерзімі:

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдау мерзімінің аяқталуы – 2026 жылғы 25 қыркүйек, сағат 18.00-ге дейін (Алматы қаласының уақыты бойынша). Әңгімелесу кандидаттарды жіберу туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде (әңгімелесу кестесіне сәйкес) өткізіледі.

Конкурсты өткізу орны:

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050053 пошта индексі, Алатау ауданы, «Алғабас» шағынауданы, 7-көше, 131-үй (1-қабат, мәжіліс залы).

Анықтама телефоны: +7 (727) 344-27-53, электрондық пошта: gpab_uozalmaty@mail.kz.

Кәсіпорынның атауы:

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық патологоанатомиялық бюро» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (*бұдан әрі – Кәсіпорын*).

Кәсіпорынның орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050053 пошта индексі, Алатау ауданы, «Алғабас» шағынауданы, 7-көше, 131-үй.

Кәсіпорын қызметінің негізгі бағытының қысқаша сипаттамасы: патологиялық анатомия саласындағы қызметті жүзеге асыру, халық денсаулығын қорғау жөніндегі мемлекеттік және аумақтық бағдарламаларды орындау, патологоанатомиялық зерттеулер жүргізу (оның ішінде өмірлік және қайтыс болғаннан кейінгі диагностика), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес крематорийдің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Кәсіпорын директорының негізгі лауазымдық міндеттері:

кәсіпорынның өндірістік және қаржылық-шаруашылық қызметіне басшылық етеді, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелеріне жауапты болады.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексін, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексін, «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарын.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім және «Денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша сертификаттау курсынан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік берілгені туралы куәлік немесе «Денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім немесе «Денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес және құқық» бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе executive не full time MBA дәрежесі, денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаты, денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс.

Медициналық қызметті (дәрігерлік практиканы) жүзеге асыру үшін кәсіби құзыреттерінің болуы талап етіледі: дәрігер біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі (бейіні бойынша) бірінші (жоғары) біліктілік санаты, клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаты.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдау мерзімі: Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы КММ-нің ресми сайтында жарияланған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген мерзімде келесі тізбектегі құжаттарды ұсынады:

1. конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2. еркін нысанда жазылған өмірбаян;
3. білім туралы құжаттардың көшірмелері;
4. еңбек кітапшасының көшірмесі (бар болған жағдайда) немесе еңбек шарты, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардан үзінділер не еңбек өтілін растайтын өзге де құжат;
5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ- 175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
6. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінен соттылығының жоқтығы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар құжаттарды конкурс жариялаған Кәсіпорынға электрондық түрде gpab_uozalmaty@mail.kz электрондық поштасына құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін жолдайды.

Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірілмей ұсынылуы тиіс. Ұсынбаған жағдайда тұлға әңгімелесуге жіберілмейді.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілікті арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнынан ұсынымдар) ұсына алады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас редактордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика
бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым
және кері байланыс бөлімінің
редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...**
**«Қазпошта» АҚ Алматы
почтамтына:**

8 777 078 53 48,
8 747 204 19 70 (WhatsApp)
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Нұрлан СҮЙІН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
күәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті
«AIR ASTANA» ауе компаниясының
бизнес-класс бортында және
«Жолаушылар тасымалы» АҚ
пойыздарындағы жолаушыларға
қолжетімді.

ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ

ТАЛАП ТАЛҚЫЛАНБАЙДЫ!

Оқушыларға діни киім киюге рұқсат беретін жекеменшік мектептер лицензиясынан айырылуы мүмкін. Бұл туралы Үкіметте өткен брифингте БАҚ өкілінің сауалына жауап берген Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова айтқан болатын. Қоғамдық резонанс дәл осы тұстан туындады.



Министр елде бірыңғай мектеп формасының стандарты бар екенін, сонымен қатар білім берудің зайырлы сипатын қатаң сақтау қажеттігін де жеткізген еді сол брифингте. Сондай-ақ, ведомство басшысы былтыр жеке мектептерде мұндай жағдайлар кездескенімен, биылғы оқу жылында ешқандай заңбұзушылық тіркелмегенін, бірде-бір мектеп хиджаб киюге жол бермегенін де атап өтті.

Бұл мәлімдеменің айтылғанына бірнеше күн өтсе де, әлеуметтік желі беті әлі тыншыған жоқ. Бір тарап «Мектеп – діни тәрбие беретін орын емес. Қазақстан – зайырлы мемлекет. Сондықтан мектепте баршаға ортақ талап болуы дұрыс» деп санаса, екінші тарап «Бала – ата-ананың тәрбиесінде. Егер әке-шешесі қызын діни талап бойынша киіндіргісі келсе, мемлекет оған араласпауы керек» дейді.

Тіпті, қарағандылық бір мұғалім Threads-парақшасына «Қазақтарға, Қазақстанға Алланың мықты бір азабы керек болып тұр. Күшті бір экономикалық зардап шегетін, экономикасы құлдырап кететін! Иә Алла, күйретші! Әмин!» деп жазып, қызып тұрған отқа май құйып жібергендей болды. Осы бір ауыз сөзі бүкіл пабликке тарап, қарсылыққа ұшырады.

«Ел экономикасының құлдырауын тілеу – халықтың жағдайының нашарлауын тілеумен тең. Сол халықтың ішінде өзі де бар. Мұндай зұлым үндеулер үшін жауапкершілік болуы керек», – деді наразылығын жасыра алмаған Әсет Хамит атты желі қолданушысы. Жалпы, бүкіл елді «қарғаған» ұстазды жақтағандар болған жоқ десек, қателеспейміз. Ақыр соңында жазбасын өшіріп, қазақ елінен кешірім сұрады.

«Қазақ қызы орамалды тұрмыс құрғанда ғана байлаған. Мектепке мектеп формасын кию керек. Оқушы – келіншек емес» (Әлия Әмірбекова). «Бала сурет салып, би билеп, ән салып, жыр айтып, аспаптарда ойнап, еркін өсуі, жан-жақты болуы қажет.

Бүлдіршіндеріміз ойын еркін айта алатын тұлға болып өсуі тиіс» (Рысқұл Айтбаева). «Егер оқушы сабаққа келіп, білім алып, мектеп тәртібін сақтап жүрсе, оның хиджаб кигені неге сонша мәселе болуы керек?» (Рахметова). «Мектеп – мешіт, шіркеу емес, ғылым-білім ордасы. Егер мешітке, шіркеуге жиналсаңыз, діни киім киіп барыңыз, оған еш шектеу жоқ. Ал мектепке солай келуге тыйым салынсын!» (Ерсайын Дүйсенғалиев). «Хиджаб – арабтардан келген тұмша екенін әлі айтып келеміз. Ұят-ай, қазір 21-ғасыр, жаһандану заманы ғой?! Балаларымыз тұмшаланғанша, өркениетке, биіктерге ұмтылсын, жаңалықтар ашсын!» (Ағырыс Сәукетай). Әлеуметтік желідегі пікірлер легі осы тектес.

Ата Заңда еліміз демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп көрсетілген. Ал білімге қатысты нормасында білім беру ұйымдары меншік нысанына қарамастан белгіленген мемлекеттік талаптарға сай болуы керек делінген. Яғни жекеменшік мектеп дегеніміз – ол заңнан тыс білім ордасы деген сөз емес. Сондықтан жекеменшік мектептің ақылы болуы оған Қазақстан заңнамасындағы міндетті талаптарды орындамауға құқық бермейді.

Бізде мектеп формасына діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайтыны – бұрыннан белгіленген талап. Мектептің басты миссиясы – бәсекеге қабілетті, шығармашыл, білікті және әлеуметтік дағдылары бар тәуелсіз, жауапты тұлға тәрбиелеу. Табысты адамның имиджін қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасау.

Жалпы, дін – өте нәзік тақырып. Сондықтан болар, орамал мәселесі қоғамда жылдар бойы талқыланып келеді. Күн тәртібінен бүгін-ертең түсе қоймайтын секілді ме, қалай?..

Нұржамал ӘЛІШ.

Карикатура: Фалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН



ДАЛА МАТЕМАТИКАСЫ

Алматыда Дүниежүзілік тоғызқұмалақ күніне арналған жарыс өтті

«Достық» спорт кешенінде Дүниежүзілік тоғызқұмалақ күніне арналған қалалық жарыс ұйымдастырылды. Іс-шара Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен өтті.

Оған қала мектептерінен келген оқушылар және ниет білдірген қала тұрғындары қатысты. Турнирдің салтанатты ашылуында Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Мерей Абзалбеков қатысушыларға сәттілік тілеп, ұлттық ойынды дамытудың маңыздылығына тоқталды.

– Ұлттық мұрамыздың ажырамас бөлігіне айналған тоғызқұмалақ – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан терең тарихы мен тағылымы мол зияткерлік ойын. Бүгінгі турнир осы төл өнерімізді дәріптеп, оның дамуына үлес қосып, жастар арасында кеңінен насихаттауға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы халықаралық деңгейдегі кездесулерінде де тоғызқұмалақты қазақ халқының ұлттық мұрасы ретінде атап өтіп, оның дамуына қолдау көрсетудің маңыздылығына назар аударып келеді, – деді ол.

Мерей Абзалбековтың айтуынша, Алматы шаһары – еліміздің мәдениеті мен білімі, ғылымы мен спорты қатар дамыған ірі мегаполис. Сондықтан қалада ұлттық құндылықтарды дәріптеуге,

жастардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға ерекше көңіл бөлінген.

Ал ҚР Тоғызқұмалақ федерациясының вице-президенті Болат Оспанов жарыстың негізгі мақсаты – ұлттық зияткерлік ойынды кеңінен насихаттау, жас ұрпақтың тоғызқұмалаққа қызығушылығын арттыру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу екенін атап өтті.

Жарыс рапид форматында болып, әр қатысушы бес айналымға қатысты. Әр турдың қорытындысын төрешілер алқасы бекітті. Жарыс нәтижесінде 8 санат бойынша 32 жүлдегер анықталды. Ұлдар арасында 9 жаста Мұхаммед Аңсаған, қыздар арасында Жансая Хуатбек жеңімпаз болды. 11 жас санатында Бахыткелді Рысбек (ұлдар) және Гаухар Нұрғұлжа (қыздар) жеңіске жетті. 13 жастағы ұлдар ішінен Нұрасыл Дүйсен, ал қыздар арасында Аянат Бағланқызы топ жарды. Қала тұрғындары арасында өткен ашық чемпионатта Сайлаубек Сейсенбаев чемпион болды.

Досбол АТАЖАН.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

